

"Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 11 сәуірдегі №27/5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2015 жылғы 04 мамырдағы № 40/3 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 мамырда № 4999 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 7 тамыздағы № 27/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 07.08.2018 № 27/5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Шиелі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

"Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы" аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 27/5 шешіміне (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4663 нөмірімен тіркелген, аудандық "Өскен өңір" газетінің 2014 жылғы 17 мамырдағы № 34 жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасында:

бүкіл мәтіні бойы "тұрғын жай" деген сөздер "тұрғынжай" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"1) жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарды;"

2-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Тұрғын үй көмегін тағайындау "Шиелі аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) арқылы жүзеге асырылады".

Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

П. Архабаев

Ә. Оразбекұлы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК